




**Астана қаласы әкімдігінің «Дәулет» МКҚК-на жұмысқа қабылдау
кезінде жоғары білім (арнайы) дипломдарының шынайылығын тексеру
тәртібі**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Дәулет» МКҚК-на жұмысқа қабылдау кезінде жоғары білім (арнайы) дипломдарының шынайылығын тексеру тәртібі (ары қарай - Тәртіп) 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығына, ҚР-ның Еңбек Кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Осы акт жаңадан қабылданатын жұмыскерлер дипломдарының шынайылығын тексеру тәртібін және жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жеке істеріндегі дипломдардың шынайылығын растаушы құжаттың бар болуын қамтамасыз етуді реттейді.

3. Актінің мақсаты жалған дипломдары бар адамдардың жұмысқа орналасуын алдын алу, қызметкерлердің білімі мен олардың біліктілік деңгейі туралы мәліметтердің растығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Дипломдардың шынайылығын тексеру жаңадан қабылданатын барлық жұмыскерлер үшін тұрақты негізде және жұмыс істеп жүрген қызметкерлер үшін қажет болған жағдайда жүргізіледі.

2-бөлім. Дипломдардың шынайылығын тексеру тәртібі

1. Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші дипломның түпнұсқасы мен қызметкердің жеке ісіне салынатын көшірмені сұрауға міндетті.

2. Дипломның шынайылығын тексеру үшін жұмыс беруші диплом берген оқу орнына сұраныс жолдайды немесе дипломдардың заңдылығын растайтын қолжетімді мемлекеттік және басқа тізілімдерді қолданады.

3. Дипломдардың шынайылығын тексеру мерзімі жұмыскердің құжаттарды берген сәтінен бастап 30 күнтізбелік күннен аспауы керек.

4. Диплом расталмаған немесе оны жалған деп есептеуге негіз болған жағдайда, қызметкер қосымша құжаттарды ұсынуға немесе түсініктеме беруге міндетті.

3-бөлім. Қызметкерлердің жеке істеріндегі растаудың бар болуын қамтамасыз ету.

5. Оқу орнынан немесе тізілімнен алған дипломның шынайылығын растау қағазы қызметкердің жеке ісіне тіркелуі қажет.

6. Жұмыс беруші жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жеке істерінде де дипломдар шынайылығының тексерісін қамтамасыз етуі тиіс, егер осындай тексеріс бұрын жүргізілмесе.

4-бөлім. Жалған дипломдар анықталған кездегі әрекеттер

7. Жалған диплом анықталған жағдайда, жұмыс беруші қызметкерді еңбек міндеттемелерін орындаудан оның болашақтағы еңбек қызметі туралы шешім қабылдаған уақытқа дейін дереу шеттетуге міндетті.

8. Жұмыс беруші жалған құжатты анықтау фактісі бойынша процессуалдық шешім қабылдау үшін уәкілетті органға шағымдануға міндетті.

9. Жұмыс беруші жалған дипломды ұсыну фактісін анықтау негізі бойынша қызметкермен еңбек шартын бұзу құқығын өзіне қалдырады.

10. Дипломдардың шынайылығы бойынша тексерісті ұйымдастыру жауапкершілігі кәсіпорынның кадр бөлімі мен комплаенс қызметіне жүктеледі.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

11. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның жергілікті нормативтік актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертуге жатады. Осы Тәртіпке енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Кәсіпорынның басшысымен бекітіледі.

12. Осы Тәртіптің қолданысқа ену мерзімі Кәсіпорын басшысының бекіткен күні есептеледі.